

Бұрын, 2015 жылғы 14 қазанда қабылданған, Қызылжар ауылдық округі әкімінің " Қызылжар ауылдық округі "Ертіс" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жануарлар фермасында шектеу шараларын енгізумен ветеринариялық режимді белгілеу туралы" № 1-22-02 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 25 мамырдағы № 1-22-01 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабына, Қазақстан Республикасының " Ветеринария туралы" Заңы 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ертіс аудандық инспекциясы басшысының 2016 жылғы 23 мамырдағы шектеуді алу туралы № 2-19/210 ұсынысы негізінде, Қызылжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** қабылдайды:

1. Қызылжар ауылдық округі әкімінің бұрын, 2015 жылғы 14 қазанда қабылданған " Қызылжар ауылдық округі "Ертіс" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жануарлар фермасында шектеу шараларын енгізумен ветеринариялық режимді белгілеу туралы" № 1-22-02 шешімінің (Павлодар облысы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде 2015 жылғы 2 қарашадағы № 4776 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 қарашадағы аудандық "Ертіс нұры" және "Иртыш" газеттерінің № 46 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қызылжар ауылдық округінің әкімі

Т. Жакупов